Álıhan Bókeıhan: «Ultqa qyzmet etý – bilimnen emes, minezden»

# AQTOǴAI AJARY

1938 жылдың 15 тамызынан бастап шығады

Aqtoǵaı aýdandyq qoǵamdyq-saıası basylym



«Қарағанды журналистикасын дамытуға қосқан үлесі үшін»

www.facebook.com/a.ajary.kz

№ 25 (7967) 10 шілде, Сәрсенбі 2024 жыл

aktogai_red@mail.ru



Президент реформасы – өміршең өзгерістер

## Бағыттар айқындалды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалықбағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауы халықтың көкейіндегі мәселелерді толық айтты деп есептеймін. Қоғамның ауызбірлігін еселеп, елдің әлеуметтік тұрмыстық ахуалын жақсартуға бағытталған жобаларды ұсынған Қасым-Жомарт Кемелұлы Үкіметке біршама тапсырма жүктеді. Еліміздің экономикасын дамыту үшін алдағы 3 жылда орындалуға тиісті негізгі міндеттерді айқындап берді. Мемлекет басшысы Жолдауында елімізде ауқымды саяси жаңғыру жұмыстары іске асырылғанын айтты. Бұл реформаны жүзеге асыруда Парламентпен Үкіметтің белсенді жұмысына оң баға берді. Алдағы кезеңде «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидатын нақты іске асыру үшін Парламенттің ерекше рөл атқаратынын атап өтті. Бұрын елімізде жүзеге асырылған саяси реформалардың қол жеткізілген нәтижелеріне жалпылама тоқталып, алдағы кезеңде осы жұмысты түбегейлі әлеуметтік-экономикалық реформаға ұштастыру міндеті тұрғанын жеткізді. Бір сөзбен айтқанда, әлем тарихында бұрын болмаған сын-қатерлер мен түбегейлі өзгерістер дәуірі басталған осынау күрделі шақта еліміздің өндіріс саласындағы еңбек, капитал, ресурстар, технология сияқты негізгі факторларынұтымды пайдалану керегін айтты. Бар күш-жігерімізді халықтың тұрмыс-тіршілігін жақсартудың негізгі факторы экономикалық серпіліс жасауға бағыттаудың маңыздылығын, ол үшін экономиканы әр тараптандырудың басым бағыттарын ашып көрсетті. Сонымен қатар, Президент елдегі ішкі нарықты, отандық өнім өндірушілерді қорғау деңгейін көтеру мақсатында сауда-саттық саясатында жаңа әрі батыл қадам жасауымыз керектігін айтты. Тағы бір маңызды мәселе, еліміздің минералды шикізат базасын толықтыру үшін алдағы 3 жылда геологиялық барлау ісінің қарқыны күшейтіліп, геологиялық жаңалықтар ашуға бетбұрыс жасалады. Тау-кен саласының әлеуетін барынша ашу, басқару жүйесін жаңғырту, сирек кездесетін металл кеніштерін игеру бағытында ірі көлемде жекеинвестицияларды тарту шаралары қолға алынбақ. Өз қаржысына геологиялық зерттеу жүргізген инвесторды жер қойнауын пайдалану кезінде басым құқыққа ие болуы қамтамасыз етіледі. Бұл бастамалар – өңдеу индустриясын өркендетудің негізгі факторлары. Қорыта айтқанда, Жолдауда жоспарланған экономикалық реформаларды жүзеге асыра білсек, халықтың әл-ауқаты артып, еліміздің өркендейтіні хақ. Сондықтан барша қазақстандықтарды Жолдау жүктеген міндеттерді іске асыруға біркісідей атсалысуға шақырамын.

**А.Мурасов**
**Шабанбай би ауылдық округінің әкімі әкімі.**

## Президент реформасы-өміршең өзгерістер

Жолдау – елдегі саяси маусымның бастауы ғана емес, мемлекет дамуының жаңа бағыт-бағдарын айқындайтын елеулі оқиға. Президентіміз Қасым Жомарт Кемелұлы атап өткендей, біз аз ғана уақыт ішінде елімізде бірегей саяси реформаларды сәтті іске асырдық. Ал жаңа кезеңде аталған өзгерістерді экономикалық әлеуметтік бастамалармен бекемдей түсудің маңызы зор. Сондықтан, Мемлекет басшысы Жолдауда еліміздегі экономикалық саясаттың жаңа моделін қалыптастыруға басымдық берді. Жарияланған бастамалар ауқымды, кешенді әрі сан салалы десек, қателеспейміз. Себебі олардың қатарында орта және шағын кәсіпкерлікті қолдау әрі қорғау, елгеинвестиция тарту, агроөнеркәсіпті дамыту, бәріне бірдей түсінікті, ашық,әділетті салық саясатын жүргізу және т.б. маңызды бастамалар көп, – деді ол. Мемлекет басшысы АЭС салу мәселесін де назардан тыс қалдырған жоқ. «Жолдауда күрделі мәселелерге нақты шешімдер ұсынылды. Әсіресе, су мәселесі мен көлік-логистика саласындағы проблемаларға ерекше назар аударылды. Президентіміз аталған бағыттардың маңызын ескере отырып, қордаланған мәселелердің жүйелі шешімі ретінде жаңа министрліктер құру туралы бастама көтерді. Қазіргі уақытты тиісті Жарлыққа қол қойылғанын баршаңыз жақсы білесіздер. Президентіміз АЭС салу мәселесін де назардан тыс қалдырған жоқ. Бұл жерде Мемлекет басшысы ұлтымыздың үлкен тарихи тәжірибесіне және бүгінгі қоғамдық пікірге ерекше назар аударып отырғанын байқадық. Сондықтан, Қасым-Жомарт Кемелұлы аталған мәселені жалпыұлттық референдумға салу туралы ұстанымын жария етті. Мұндай ашықтық және халықтық шешімді биік қою қағидаты азаматтар тарапынан қызу қолдау тауып отыр.

**Д.Қаура**
**Аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысы.**

** Мерекелік құттықтау*

## Ветеринария күні аталып өтті

Елімізде тұңғыш рет «Ветеринария қызметкерлері» күні бекітіліп, аудандық ветеринария саласының қызметкерлері мерекені жоғарғы деңгейде атап өтті. Аудандық Мәдениет үйінде салтанатты жиында сөз алған аудан әкімінің міндетін атқарушы А.Аманжолов: Қайырлы күн құрметті жерлестер, қадірменді қонақтар. Биыл алғаш рет елімізде «Ветеринариялық қызметкерлер» күні атап өтілуде. Ауылшаруашылығы саласындағы маңызды саланың бірі – мал шаруашылығы екені сөзсіз. Жалпы ветеринария – мал шаруашылығының ең беделді саласы. Қадірменді қауым жалпы ветеринарлық сала ауыл-шаруашылығына тікелей әсер ететін экономиканың басты салаларының бірі деп білеміз. Сіздер адамзаттың әл-ауқатын жақсартып, ауданымыздың ветеринария саласын дамыту жолында аянбай еңбек етіп, аудан экономикасына қомақты үлес қосып келесіздер. Сіздерді қажырлы еңбектеріңіз үшін зор құрмет көрсетіп, ризашылығымызды білдіреміз. Отбасыларыңызға амандық, денderіңізге саулық, еңбектеріңізге толағай табыстар тілейміз, –деп ақжарма тілегін білдірді.




Құттықтау соңы сәні мен салтанаты жарасқан марапаттауға ұласты Қарағанды облысы әкімінің Құрмет грамотасына Қарағанды облысының қоғамдық-саяси өміріне белсенді қатысқаны және әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесі мен мінсіз еңбегі үшін Нүркен ауылдық округінің ветеринариялық пунктінің меңгерушісі Асқар Рахымбеков, аудан әкімінің Құрмет грамотасымен Қарабұлақ ауылдық округінің ветеринар дәрігері Талғат Қуанышбеков, «Ақтоғай аудандық ветеринариялық станциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынның ветеринар дәрігері Самат Тойшыбеков, Сарытерек ауылдық округінің ветеринариялық пунктінің меңгерушісі Данияр Кажен, Қызыларай ауылдық округінің ветеринар санитары Нұрхат Үсенбек, Қараменде би ауылдық округінің ветеринар санитары Айжан Бекдайрова, аудан әкімінің Алғыс хатымен Ақтоғай аудандық ветеринариялық зертхананың лаборанты Құндыз Рахыжанова, Ақтоғай ауылының ветеринариялық пунктінің меңгерушісі Рәшит Мұратхан, Ортадересін ауылдық округінің ветеринар дәрігері Айсара Дәуітқызы марапатталды.

Сонымен қатар «Үздік ветеринар дәрігер» статуэткасы табысталады. «Үздік ветеринар дәрігер» номинациясы бойынша Шашубай кентінің ветеринариялық пункт меңгерушісі Нуралин Тайтөлеу, Кежек ауылдық округінің ветеринариялық пунктінің меңгерушісі Аманқайыр Қуанышбеков, Қызыларай ауылдық округінің ветеринариялық пунктінің меңгерушісі Алмас Рыстафин, Құсақ ауылдық округінің ветеринариялық пунктінің меңгерушісі Дәулетбек Шалхарбаевтарға табысталды.

«Ақтоғай аудандық ветеринариялық станциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының басшысы Нұрсұлтан Қайырбекұлы шығып, мерекелік құттықтаудан соң Ветеринария саласының еңбек ардагері төсбелгісін Баймұрат Құрмашұлы–ветеринар дәрігер, зейнеткер, Сағатбек Жакыпбекұлы–ветеринар дәрігер, зейнеткер, Тоғжанова Анилжан – зейнеткер, Сейсекеев Сергей Алдашұлы – зейнеткер, Жакышов Қуанышбек – ветеринар дәрігер, зейнеткер, Дюйсенбаев Саян – ветеринар дәрігер, зейнеткер, Рахимжанова Марал – зейнеткер және мекеме басшысының Құрмет Грамотасы мен Алғыс хаттарын үздік қызметкерлерге табыстады. Мереке соңы ән-шашуға ұласты.

**Г.Елеусізова.**

*«Халық қаһарманы» Сағадат Нұрмағанбетовтың туғанына 100 жыл*

### *Сағадат Нұрмағамбетовтің ерлігі*

1942 жылдың шілде айында 18 жаста кеңес әскер қатарына қабылданып, Түрікменстанда пулеметшілер дайындайтын училищені үздік аяқтайды. Кейін взвод командирі ретінде майдан шебіне аттанады. Кубань, Дон, Молдавия жерлерінде, Одер, Шпрее өзендерінің бойында жан алысып, жан берісken шайқастарға қатысады. 1945 жылы 17 қаңтарда Нұрмағамбетов Польша жерінде жау қорғанысын бұзып өту кезіндегі жауынгерлік тапсырманы ержүректілікпен орындайды. Магнушев плацдармында болған шайқаста ол басқаратын пулемет ротасы 2 күн ішінде 120 фашист пен 12 пулемет фашист бекінісін жояды, әрі 1560 жау әскерін тұтқынға алады. Осы шайқаста Нұрмағамбетов бірінші рет жараланады.

Алайда қазақ сарбазына екінші мәрте Кеңес Одағының батыры атағы берілмейді.

"Ол 500-ден астам фашистің көзін жойды. 1 мыңнан астам жау әскерін тұтқынға алды. Пешков есімді полк командирі Нұрмағамбетовке екінші рет Кеңес одағы батыры атағын беруге ұсыныс жасайды. Бірақ Сағадат ағамыз бұл атақты ала алмай қалды", – дейді мәжілісінің депутаты, генерал-лейтенант Бақытжан Ертаев Нұрмағамбетовке арналған деректі фильмде: 1945 жылдың 31 мамырында Сағадат Нұрмағамбетов Қызыл ту

# 21 жасында Кеңес одағының батыры атанған Сағадат Нұрмағамбетов туралы не білеміз?

орналасқан орынның көзін жояды. Варшава қаласынан 60 шақырым жерде орналасқан Магнушев қаласын жау әскерінен тазарту кезінде Нұрмағамбетов әскерлерді сауатты басқара білуімен көзге түседі. Шайқастардың бірінде станокты пулемет дәлдеуіші істен шығады. Соған қарамастан Нұрмағамбетов пулеметті қолына алып, жау әскеріне оқты қарша боратады. Осылайша, ол фашистердің 2 жойқын шабуылына тойтарыс беріп, 65 фашист әскерін өлтіреді. Нәтижесінде Сағадат Нұрмағамбетов басқарған рота Польшаның Пилица өзенінен өтеді. Онда рота 35 жау әскерін өлтіріп, 6 пулемет орналасқан жердің көзін жояды. Осылайша, оның ротасы кеңес әскерінің алға жылжуына мүмкіндік жасайды. Елбасымыз Қасым-Жомарт Тоқаев бұл шайқастарды кеңес әскерінің қолбасшысы Георгий Жуков өзі бақылағанын айтады."Нұрмағамбетов қатысқан ұрысты Кеңес одағының маршалы Жуков бақылапты. Ол Сағадат Нұрмағамбетовке Кеңес одағының батыры атағын беруге ұсынады. Бұл нақты ерлік еді", – дейді ол "Долг, Честь, Подвиг Сагадата Нурмагамбетова" атты деректі фильмде. Осылайша, 1945 жылдың 27 ақпанында 21 жасында Сағадат Нұрмағамбетовке Кеңес одағының батыр атағы беріледі.

Марапаттау рәсімін қазақтың батыры былайша еске алады

"Медальдарды армия қолбасшысы жеке өзі табыстады. Ол кеудемізге "Ленин" ордені мен "Алтын жұлдызды" тақты. Бізді шынайы ниетімен құттықтады. Толқынысымды жасыра алмадым. Қазақтың жетім баласына мұндай зор құрмет көрсетілгеніне сене алмадым. Әкем мен анам, Сағи ағам, отандастарым бұл жетістігімді көрсе екен деп ойладым", – дейді ол өз естелігінде. 1945 жылдың 8 мамырда Нұрмағамбетов екінші рет Кеңес одағының батыры атағына ұсынылады. Оның батальоны рейхсканцелярия ғимаратына жасалған шабуылға қатысады. Ол бұл уақытта майор атағымен атқыштар дивизиясын басқарады. 1945 жылы Берлинде Нұрмағамбетов 100-ден аса Гитлер әскерінің көзін құртып, 9 орденімен марапатталады. Қазақтың қаһарман жігіті соғысты Берлинде аяқтады. Ол 1946-1949 жылдар аралығында Мәскеудегі Фрунзе атындағы Әскери академияны бітіріп, Орта Азиядағы Түркістан әскери округіне полк басқаруға жіберілді. Кейін әртүрлі штабтық, командалық лауазымдарда, оның ішінде Қазақ КСР Азаматтық қорғаныс штабының бастығы, Орта Азия әскери округі қолбасшысының орынбасары, Оңтүстік топ әскерлері қолбасшысының бірінші орынбасары (Венгрия) қызметін атқарды. КСРО Қарулы Күштері Бас штабының академиясындағы курстарда білім алды. Ал 1989 жылы Қазақ КСР соғыс және еңбек ардагерлері кеңесінің төрағасы, Қазақ КСР Жоғарғы кеңесіндегі ардагерлер мен Қарулы Күштер мүгедектері істері комитеті төрағасы қызметтерін атқарды.



### *21 жасында Кеңес одағының батыры: Сағадат Нұрмағамбетов туралы не білеміз?*

Қазақ елі тәуелсіздігін алған соң, ол туған елінің қауіпсіздігі мен қорғаныс саласын нығайтуға бар күшін салды. Оған батырдың жазып қалдырған естеліктері дәлел. Ол 1991 жылы Қазақстан президентінің жарлығымен мемлекеттік қорғаныс комитетінің төрағасы қызметіне кіріседі.

"Мен 1991 жылы Қорғаныс комитетінің төрағасы болдым. Қарулы Күшіміз әлі құрылмаған. Сол кезде кадр мәселесі төңірегінде ойлана бастадық. Себебі өзге ұлттың өкілдері елдеріне кеткісі келді. Оларды ұстап тұра алмайсың. Сол тұста жеке-жеке шаңырақ құрған республикалар өз жеріндегі әскерлерге "Ант қабылдаңдар. Қабылдамасаңдар, кетіңдер" деп өз елдерінің антын қабылдатып жатқанды. Біз президентпен кеңесіп, елде қалған әскери қызметкерлердің бетін бері бұрдық", – дейді Нұрмағамбетов өз естелігінде.1992 жылғы 7 мамырда Сағадат Нұрмағамбетов қорғаныс министрі болып тағайындалды.

### *Қазақстанның Қарулы Күштері қалай құрылды?*

Нұрмағамбетов қорғаныс министрі қызметіне тағайындалған соң, сапалы әскери мамандарды даярлауға бар күшін салады."Жаңадан құрылғалы тұрған Қарулы Күшімізге қажетті мамандарды "қайда даярлаймыз?" деген сұрақ туындай бастады. Сонда біз қайттік, Ресейдің Бас штабымен республикаға кадр дайындау жөнінде шарт жасастық. Ресей әуелі келісім бере қойған жоқ, біз түгілі Украина мен Белоруссияны да жолатпады. Не керек, түбінде келісімге келіп, жыл сайын 40 офицерді әскери академияға, 250-300 офицерді әскери училищеге оқуға қабылдайтын болды. Менің жіберген сол офицерлерімнің көбі қазіргі кезде генерал шенін алып, жоғары лауазымдарға ие болып отыр. Академияларға оқуға қазақтың офицерлерін іріктеп, елдің мүддесі үшін қызмет етер, қол бастар деп жібердім. Үміт ақталды", – дейді Халық Қаһарманы. Сонымен қатар ол естелігінде егемендіктің алғашқы жылдарында Алматыдағы әскери училищеге сол кездегі подполковник, қазіргі мәжіліс депутаты Абай Тасболатовты басшы етіп тағайындағанын жазады. "Оған "Жігіттерді өсіресің және қазақтың баласын аласың" деп міндет жүктедім. Қазір онда 95% қазақ жігіттері оқиды. Әскери училищеде бұрын төрт мамандық болса, қазіргі уақытта оның санын 11-ге жеткіздік. Осының барлығы кадр даярлау мәселесі төңірегінде атқарылған істер еді", – дейді ардақты азамат.

### *Сыпайы генерал*

Ал Абай Тасболатов өз ұстазының бұл еңбегін жоғары бағалайды."Қан майданға бозбала боп аттанып, жиырма бір жасында Кеңес Одағының батыры атанған майдангер, министр әскер ісін ұйымдастыруда кіші офицерлер легін дайындап шығаруға басымдық берді. Осы сөзімізге тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында офицерлік құрам санатында "кіші лейтенант" шені қолданыста болғаны дәлел. Бұл соғыс жылдарында жауынгерлік құрамының үздіксіз легін қамтамасыз ету әдісі еді десек, Сағадат Нұрмағамбетов тап осы үлгіні тәуелсіз Қазақстандағы әскери саланың нығаюына сәтті пайдаланып, тиімді реформа жүргізе білді", - дейді Тасболатов "Сағадат Нұрмағамбетов. Сыпайы генерал, шын сардар" атты мақаласында. Сонымен қатар Тасболатов ұстазының мінезі жайдарлы, ісіне адал болғанын айтады."Сағадат Қожахметұлының қарамағындағы қызметкерлерге тапсырма беріп, орындалуын талап еткенде, оның табандылығында шек болмайтын. Осы бір тұста Сағадат ағамыздың зейіні зерек болғандығын да атап өтпеске болмайды. Өйткені ол қызметте жүрген жылдарында да, зейнеткерлікке шыққан кезеңінде де қарамағында қызмет еткен офицерлердің барлығының дерлік аты-жөні мен әкесінің есіміне дейін жатқа біліп, туған күндерінде арнайы қоңырау шалып құттықтап жатуы көптеген кісінің таңданысын тудыратын һәм көңілдерге риясыз қуаныш сыйлайтын еді", - дейді ол.Кеңес одағының батыры, жазушы Бауыржан Момышұлы Сағадат Нұрмағамбетовті "сыпайы генерал" деп еске алады екен.

### *Халық Қаһарманы*

1994 жылдың 23 мамырында Сағадат Нұрмағамбетовке Халық Қаһарманы атағы мен №1 "Алтын Жұлдыз" табыс етілді. 1995 жылғы қарашада армия генералы атағымен отставкаға шығып, Қазақстан президентінің кеңесшісі болды. Сағадат Нұрмағамбетов 1971 – 1994 жылдары республика Жоғарғы Кеңесіне бірнеше мәрте депутат болып сайланды. Үкімет қаулысымен Астана қаласындағы "Жас ұлан" мектебіне армия генералы Сағадат Нұрмағамбетовтің есімі берілді. Оның жауынгерлік және қайраткерлік өмір жолындағы ерліктері мен еселі еңбектері жоғары бағаланып, көптеген КСРО наградаларымен, Қазақстанның және шет елдердің ордендерімен марапатталды. Сондай-ақ Сағадат Нұрмағамбетов Алматы, Астана, Донецк (Украина) қалаларының, Ақмола облысының, Аққөл ауданының құрметті азаматы атанды.

2013 жылдың 24 қыркүйегінде Сағадат Нұрмағамбетов 90 жасқа қараған шағында өмірден озды. Оның артында Лира Сәбирова есімді әйелі, Талғат пен Айсұлу есімді балалары мен 4 немересі қалды.

Отан үшін от кешкен батырдың жарқын бейнесі халықтың жадында мәңгі сақталады.

**Дерек: Sputnik Қазақстан саясаткерлер, мемлекет және қоғам қайраткерлері сайтынан алынды.**

* Тарих тағылымы

# «Өкітай (Сергей) Әлиханұлы Бөкейхановтың Қазақстан геологиясына қосқан ерен еңбегі»

20-ншы жылдары Жезқазғанның мыс кенінде, Қарсақпайдың темір рудасында, Байқоңыр-Қиякты көмір кендерінде жүргізілген алғашқы тұрақты геологиялық барлау жұмыстары Ұлытау-Жезқазған аймағында ғана емес, бүкіл Қазақстан бойынша қазба байлықтардың өндірістік қорын жоспарлы түрде зерттеудің және ашудың бастамасы болды. Нәтижесінде республикада алып минералды-шикізат базасы құрылды, Жезқазған өңірі қысқа уақытта мыс алыбына айналды.

Қ.Сәтбаевтың ұйымдастырушылық қабілеті осы жерде ерекше байқалды, рас. Қаныш Сәтбаевтың басқаруымен филиал қысқа мерзімде Қазақстандағы ғылымның нағыз орталығына айналды. Ия, Қ.Сәтбаев осы игі істердің ұйытқысы және ұйымдастырушысы болды. Қаныш Сәтбаевпен бірге Жезқазған мыс кендерін ашуда ерен еңбек еткен ғалым, геологтардың бірі, бірегейі Өкітай, (орыстардың арасында өскендіктен Сергей деп атап кеткен) Әлиханұлы Бөкейханов (1910-1957 жж.).

**Қазақтан шыққан алғашқы, санаулы ғана геологтардың бірегейі.**

Жезқазған мыс кенді ауданы Орталық Қазақстан өңірінде орналасқан, сұр әзбесті құмдақ пен қызыл-сұр құмды-сазды қабаттар, әрі пермо-тас көмірлі конгломерттерден тұратын аймақ екенін 1934 жылы белгілі ғалым Қ.Сәтбаев «Үлкен Жезқазғанды игеру үшін» деген мақаласында жазады. «Үлкен Жезқазған мыс алыбы» атты мақаласында Қаныш Сәтбаев Бетпақдаланың шөлінде қазір де Одақта бірінші орын алып отырған Жезқазған мыс кені барын, ерте уақытта Жезқазғаннан 1 млн. тонна мыс алынғанын, 1847 жылы бұған дейін мәлім болмаған Жезқазғанды Ушаков дейтін көпес басқа капиталистерге алып-сатарлық жолмен сату үшін маңындағы қазақ елінен сатып алынғанын айта келіп, 1904 жылы Жезқазғанды ағылшын капиталистері Ушаков тұқымдарынан 260 мың сомға сатып алып, зерттеу жұмысын жүргізгенін, Жезқазған кенінен жылына 5 мың тонна мыс шығармақ болып құрылысы басталған Қарсақпай зауытын Қазан революциясының басталуына орай аяқтай алмай кеткенін жазған. Яғни, Жезқазған алыбында 3 млн. 500 мың тонна мыстың бар екені анықталды дей келе, бүкіл Оралдағы зерттелген мыстың шамасы 2 млн. 500 мың тоннадай болса, Жезқазған алыбының қоры бүкіл Оралдан 1 млн. тоннаға асқанын, алдағы уақыттағы зерттеу жұмыстары Жезқазған байлығын бұдан да өсіріп отырмақшы екенін тағы да көрсетеді. «Ұлы Жезқазғандай ірі зауыт әлемде жоқ екенін, Американың ең үлкен мыс зауыттары жылына 125 мың тонна мыс берсе, қазіргі салынып жатқан Балқаш мыс зауыты жылына 100 мың тонна мыс береді, ал, Ұлы Жезқазған комбинаты Балқаштан өндіріс жағынан 2 есе артық береді».

Ғалым «Үлкен Жезқазғанның болашағы» атты мақаласында еліміздегі мыс кені шығатын аудандардың ең үлкені, ең кеңге бай жері Жезқазған, мұндағы 3510 мың тонна мыс қорының 1330 мың тоннасы жоғары сапалы мыс екенін, мұндай сападағы мыс бүкіл Кеңестер Одағындағы мыс өндірістерінде әлі де айқындалмағаны, Жезқазғанның мыс қоры бүкіл Жер жүзіндегі мыс қорының 3,2%-ы, ал Кеңес Одағындағы мыс қорының 20,5%-ы екені, мыс кенінің зерттелуі арзанға түсумен қатар, тереңдігі небары 200 метр жерден табылатынын айтады. Жезқазған комбинатынан шығатын өнім Американың солтүстік штатынан шығатын өнімнің 55%-ындай болатыны және шет елдердегі мыс қорытатын зауыттардың қайсынан болса да Жезқазған мыс қорыту комбинаты асып түсетіні, Үлкен Жезқазғанда жылына 14 600 тонна мыс кенін шығаратын кеніш, күніне 45 мың тонна кен қорытатын байыту фабрикасы және 6 пеші бар, жыл сайын 1120 тонна мыс қорытатын металлургия зауыты салынатыны жайлы сөз қозғайды. Жезқазған өкіметтің бекіткен мерзімінде бітіруге бүкіл Қазақстан болып кірісу керектігін айтып, Жезқазғанның байтақ даласындағы кенді зерттеуде көп еңбек сіңірген азаматтарды көрсетеді. Өкінішке орай, Жезқазғанның кен орындарын зерттеуде үлкен еңбек сіңірген саусақпен санарлық геологтардың бірі Өкітай (Сергей) Әлиханұлы Бөкейхановтың есімі жазылмайды. «Бөкейхановты Қарсақпайға баруға біржола көндірген сияқтымын...» депті Қ.Сәтбаев 1929 жылы 25 желтоқсанда Мәскеуден жұбайы Т.А.Кошкинаға жолдаған хатында. Бұл Сәтбаевтың Жезқазғанда кен барлауды дербес жүргізуге қам жасап, жер-жерден инженер-техниктер, бұрғылау мамандарын іздеген қысылтаяң кез еді. Өкітай (Сергей) Бөкейханов 1930 жылдың басында Ұлытауға келіп, Қарсақпай комбинатының геология бөлімінде аудандық геолог болып жұмысқа кіріседі.

«Байырғы жезқазғандықтар оны Ақтай деп атаған. Жас геолог өз міндетін тиянақты атқарған. КСРО Ғылым Академиясының Үлкен Жезқазған мәселесін жан-жақты талқылаған 1934 жылдың қараша айындағы төтенше ғылыми сессиясында мінбеге көтеріліп, баяндама жасаған. (1935ж Мәскеуде жарық көрген «Большой Джезказган» жинағында жарияланған)» .

«Өкітай (Сергей) Әлиханұлы Бөкейханов бір-неше жыл Қаныш Сәтбаевпен бірге оның кешенді геологиялық-барлау тобында еңбек етіп, Үлкен Жезқазғанды ашуға белсене қатысқан. Кейіннен Оңтүстік Оралда, Хакасияда геологиялық экспедицияларды басқарған. Түсті металдарды барлау мәселелері жайында тау-кен өнеркәсібі қызметкерлерінің Бүкілодақтық мәжілісінде әзірлеген баяндамасы қазіргі күнге дейін өте құнды саналады. Алайда, сол кездегі солақай саясаттың салдарынан «халық жауының баласы» ретінде өзіне тиесілі марапаттарды алуға құқығы болмайтын.»

**Камшат Жақсылыққызы Абдрахманова,**
**Қарағанды медицина университеті**
**Қазақстан тарихы және әлеуметтік-саяси пәндер кафедрасының ассистент-профессоры.**

*(Жалғасы бар).*

## Тұрғындардың назарына!

«BAYTAU ARHARSY» ЖШС Қарағанды облысында сегіз блокта: L-43-45-(10в-5в-17), L-43-45-(10в-5в-21), L-43-45- (10в-5в-22), L-43-45-(10в-5в-23), L-43-45-(10д-5б-5), L43-45-(10е-5а-1), L-43-45-(10е-5а-2), L-43-45-(10е-5а-3) парақтары шегінде құрамында алтыны бар кендерді барлау жоспары бойынша экологиялық рұқсат алу үшін жобалық құжаттарды қарау бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды

Әсер ету аумағы мен қоғамдық тыңдаулар өткізілетін аумақ: Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ортадересинский а.о., Ақжайдақ ауылы. Мәлімделген алаң шекарасының бұрыштық нүктелерінің координаттары:

1. 46°52’ 0.00»N 76°20’60.00»E; 2. 46°52’0.00»N 76°21’60.00»E; 3. 46°51’0.00»N 76°21’60.00»E; 4. 46°51’0.00»N 76°23’ 0.00»E; 5. 46°49’0.00»N 76°23’0.00»E; 6. 46°49’0.00»N76°18’60.00»E; 7. 46°50’0.00»N 76°18’60.00»E; 8. 46°50’ 0.00»N 76°19’60.00»E; 9. 46°51’0.00»N 76°19’60.00»E; 10. 46°51’0.00»N76°20’60.00»E; 11. 46°52’0.00»N 76°20’60.00»E.

Қоғамдық тыңдаулар 2024 жылғы 20 тамызда сағат 10:00 Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы, Акжайдак ауылы, Байтерек к. 37, мекенжай бойынша ашық жиналыс нысанында және онлайн режимде Zoom қосымшасы арқылы сілтеме бойынша өтеді:

https://us04web.zoom.us/j/74077534341?pwd=ahmXoJyl6bvToHn1EbSmpIatYu4Boy.1

Конференция сәйкестендіргіші: 740 7753 4341 Қол жеткізу коды: 1Qk6bw

Онлайн қосылуға сілтеме ecoportal.kz Бірыңғай экологиялық порталда қолжетімді.

Бастамашы: «BAYTAU ARHARSY» ЖШС Алматы қ-сы, Райымбек даңғылы 100/80, БИН 230640010947, тел. 8 777 949 93 33

Әзірлеуші: «ТОП Геодезия» ЖШС, БСН 060640006497, Алматы қаласы, Горная көшесі, 552 үй, тел.87051858626, e-mail: didar_8989@ mail.ru.

Жоба материалдары орналастырылған сайттар: ecoportal.kz және https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat/press?lang=ru.

Жоспарланған қызмет туралы, қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы қосымша ақпаратты, сондай-ақ жоспарланған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін мына e-mail: didar_8989@ mail.ru және 87051858626 телефон нөмірі арқылы сұратуға болады.

Жоба бойынша ескертулер мен ұсыныстар ecoportal.kz сілтемесі, эл. мекен-жайы: expertiza.upr_krg@mail.ru бойынша және пошталық мекенжайы: Қарағанды қ., Лобода к-сі, 20 қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады.

Тіркеу жеке куәлік ұсынған кезде қоғамдық тыңдаулар өткізілгенге дейін 15 минут бұрын жүргізіледі.

## Вниманию жителей!

ТОО «BAYTAU ARHARSY» информирует о проведении общественных слушаний по рассмотрению проектных документов для получения экологического разрешения по проекту к плану разведки золотосодержащих руд в пределах листа L-43-45-(10в-5в-17), L-43-45-(10в-5в-21), L-43-45- (10в-5в-22), L-43-45-(10в-5в-23), L-43-45-(10д-5б-5), L43-45-(10е-5а-1), L-43-45-(10е-5а-2), L-43-45-(10е-5а-3) на восьми блоках в Карагандинской области.

Территория воздействия и территория на которых будут проведены общественные слушания: Карагандинская область, Актогайский район, Ортадересинский с.о., с.Акжайдак

Координаты угловых точек границ заявленной площади:

1. 46°52' 0.00"N 76°20'60.00"E; 2. 46°52'0.00"N 76°21'60.00"E; 3. 46°51'0.00"N 76°21'60.00"E; 4. 46°51'0.00"N 76°23' 0.00"E; 5. 46°49'0.00"N 76°23'0.00"E; 6. 46°49'0.00"N76°18'60.00"E; 7. 46°50'0.00"N 76°18'60.00"E; 8. 46°50' 0.00"N 76°19'60.00"E; 9. 46°51'0.00"N 76°19'60.00"E; 10. 46°51'0.00"N76°20'60.00"E; 11. 46°52'0.00"N 76°20'60.00"E.

Общественные слушания состоятся 20 августа 2024 года в 10:00 часов в форме открытого собрания по адресу: Карагандинская область, Актогайский район, с.о. Ортадересинский, с. Акжайдак, ул.Байтерек, 37 (здание Вокзала) и в онлайн режиме через приложение Zoom по ссылке

https://us04web.zoom.us/j/74077534341?pwd=ahmXoJyl6bvToHn1EbSmpIatYu4Boy.1

Идентификатор конференции: 740 7753 4341 Код доступа: 1Qk6bw

Ссылка на онлайн подключение доступна на Едином экологическом портале ecoportal.kz.

Инициатор: ТОО «BAYTAU ARHARSY» г. Алматы, пр-т Райымбека 100/80, БИН 230640010947, тел.8 777 949 93 33

Разработчик: ТОО «ТОП Геодезия», БИН 060640006497, г.Алматы, ул.Горная д.552, тел. 87051858626, e-mail: didar_8989@ mail.ru.

Материалы проекта размещены на сайте: ecoportal.kz и https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat/press?lang=ru.

Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, проведении общественных слушаний, а также копии документов, относящихся к намечаемой деятельности можно запросить по e-mail: didar_8989@ mail.ru и номеру телефона:87051858626.

Замечания и предложения по проекту принимаются по ссылке ecoportal.kz, на эл. адрес: expertiza.upr_krg@mail.ru и почтовый адрес: г. Караганда, ул. Лободы 20 в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний.

Регистрация производится за 15 минут до проведения общественных слушаний при предоставлении удостоверения личности.

** Тарих тағылымы*

# Шой батыр

***(Жалғасы. Басы газеттің №23 (7965) санында).***

Қолбасшыға тым жас көрініп, көңілі толмады ма: «Сен кімсің?» – деп сұрайды. Жас қыран да тайсалмай, жігерлі үнмен: «Аға, карашормын, құдайдан кейінгі зормын, жауға құрулы тормын, өзім Шоймын, Алла жазса жекпе-жекте Ханхордың басын аламын. Ақ батаңызды беріңіз», – деп қолын жаяды.

Жас жігіттің алмастай өткір жүзіне, саңқылдаған үніне, от шашып тұрған көзіне ырза болған қолбасшы: «Жолың болсын, бауырым, сұңқарша іліп түс жауыңды», – деп бата берген екен. Сонда ағасы Сеңкібай бабам өзінің қолындағы Қожас атасының емен сапты найзасын Шойға береді.

Шой Қалмаққа қарсы Кертөбелін көсілте салады. Жас қыранды қасқая күтіп тұрған Ханхор да қарсы шауып батырлар найзаласып қалады. Сәті түсіп, жаудың найзасын қалқанмен қағып үлгерген Шой Қожас бабасының найзасымен жау батырын аттан сұлатып түсіреді. Жау жағы ұрыс сала кейін шегінеді. Сүйіндік, Олжабай батыр бастаған Арғын қолы жауды өкшелей қуады. Сөйтіп, Текелі ойпатын, Қаратал бойын жаудан босатып, Баянжүрек, Ешкіөлмеске беттейді. Екінші бір жекпе-жек шайқаста Шой торғауыт Мұқыр батырды жер жастандырады.

Шой болса жауын көргенде қаһарланып, сермеген болат семсерінен жаудың құты қашқан, білек күшін шұғыл қимылға ұштастыра білетін қаршығадай жылдам, көзінен от шашқан батыл жауынгер. Бұл қасиетін қалмақ батырларымен жекпе-жекте айқын көрсете білді. Сондықтан да Шой мыңдықты басқаруға әбден лайықты. Майдан даласында бірнеше рет сыналды. Осыған орай кіші сардарбек әскери атағына лайық деп шешеді. Қазақ майдан шебінің қолбасшылығы Бөгенбай баһадүрдің, уәң, түмен басқару басқа батырлардың үлесіне тиеді. Қарулас достары бұдан былай Шойды кіші сардарбек, көбінесе Шойбек, Бек деп атай бастайды. Жүре-жүре Шой-бек атанады.

Шой батыр көп жағдайда Бөгенбай, Қабанбай, Баян батырлардың жанында болған. Сонда жүріп соғыс шеберлігін шыңдай түскен. Жау қолында қалған Ұлы жүз жерін жаудан босатуда аянбай соғысқан. Аттары аңызға айналған. Мысалы, «Шой қолы қаша ұрыс салады да, «қазақ қашып бара жатыр» - деп бұған масаттанған қалмақ қолы алдында аңдып, мылтығын, садағын көздеп жатқан Сеңкібай қолына ұрынды. Нақ осындай соғыс Арқаға қарайтын Хан тауы бетінде де жүргізілді. Қайта қашқан қалмақ қолына Шой сарбаздары ат қойғанда, ең алдынан: «Абылай! Абылай!» деген айғай шықты», деп жазылған Қазыбек Бек Тауасарұлының «Түп-тұқианнан өзіме шейін» деген кітабында (259-бет). «Арқадағы қалмақтарды қуу үшін Шойбек пен Сеңкібайдың қолын еліне аттандырдық». (Бұл да сонда 272-бет). «Қазақ қолы Жетісуда біраз жеңіске жетіп, Шойбек пен Сеңкібайдың үш мыңдай қолы Қазығұртқа жіберілді. Бұл 1733 жыл еді». (Сонда, 285-бет). «Ең сусы, суаты мол Текелі ойпатын, Қаратал бойын босату жетісулықтар үшін арман болатын. Сеңкібай мен Шойбек қолы Арқастың қапалына жетпей тоқтайтын емес. Өйткені Баянжүректе, Ешкіөлместе Жаныстың әлі көбі қалмақ қолында қалғанды» (сонда, 288-бет).

Бұл кезде Шой бабамыз отызға толмаған, найзағайдай жарқылдаған, қынаптан суырған болаттай батырлар еді. Қаздауысты Қазыбек бидің жұмсауымен, Бөгенбай баһадүрдің рұқсатымен Шой жасақтармен үш жылдай (1736-1739 жылдары) Тараз, Созақ, Сайрам жерлерін, Алатау аймағын жаудан босату ұрыстарына қатысып, 1740 жылы Арқаға қайта оралады.

Бұқар жыраудың Мұқтарқан Оразбай Пекиннен тауып, Ақселеу Сейдімбеков жарыққа шығарған 36-толғауына жүгінейік:

... Қалданменен ұрысып
Жеті күндей сүрісіп,
Сондағы жолдас адамдар:
Қаракерей Қабанбай
Қанжығалы Бөгенбай,
Шақшақұлы Жәнібек,
Сіргелі қара Тілеуке,
Қарақалпақ Құлышбек,
Текеден шыққан Сатай, Бөлек,
Шапырашты Наурызбай,
Қаумен, Дәулет, Жәпек батыр қасында,
Бақ-дәулеті басында,
Сеңкібай мен Шойбек бар,
Таңсық қожа Мәмбет бар,
Өңкей батыр жиылып,
Абылай салды жарлықты.

Қазыбек бабасынан жер алып, Қарқаралы тауының батыс сілеміндегі суы мол, шөбі шүйгін Оразғұл өлкесіне орнығады. Осы өңірде қазіргі Тоқтар Әубәкіров, Нүркен Әбдіров атындағы кеңшарлардың батыс бөлігінде Шой, Әккісі, Сеңкібай биігі, Оразғұл бастауы деп аталатын жерлер бар.

1752 мешін жылы қыркүйекте қалмақтар Ертіс, Есіл бойында қайта жорық ашты.1754 жылы Қаратал бойында қалмақ қолын лөкин Дабашы басқарады. Бұл иісі қазаққа өте өш, қанқұмар, өте қатыгез жан болатын. Абылай мен Қабанбайды қолға түсіруді, сөйтіп қинап өлтіруді көп айтады екен. Міне, осы Дабашының он мың жасағының қай жерге қалай орналасқанын анықтау барлаушылар мыңдығының басшысы Сеңкібайға тапсырылады. Тамыз айының бас кезі, айсыз қараңғы түн. Сеңкібай жанына он жауынгер алып аттанғалы жатқанда қасында бес жолдасы бар Шой келіп: «Мен де бірге барамын», деп болмай қосылады. Түн ортасы ауғанша қалмақтардың орналасуын бақылап, бағдарлап, екі жағы құз жартас Далбатуының терең сайын бойлап келе жатқанда қапылыста садақ оғы жаңбырша жа-




уады. Сөйткенше болған жоқ қалмақ күзетшілері қоршап алады. Қолма-қол айқаста Сеңкібай жасағынан бір адам өліп, Шойдан төрт адам жарақаттанады. Жаудың үш жауынгерін қолға түсіріп, бесеуін жер жастандырады. Екеуі қашып құтылады. Қапылыста қоршауға түсіп қалғанын аңғарған Сеңкібай тез шешім қабылдап, терістік жақтағы құз-қияға беттейді. Әсіресе, жаралыларды алып жүру өте қиынға түседі. Жау хабаршысы жетіп, жүзге жуық жасақ қуғынға шығады. Жағдайдың өте қиындығын түсінген Шой ағасына: «Жүруге жарамайтын үш жаралыны осы жерде қалдыра тұрып, қалғандарың шығар жол іздеңдер», деп кеңес береді. Басқа амалы таусылған Сеңкібай, Шой бастаған үш жаралының жанына үш серігін күзетке қалдырып, шығар жол іздеп алда көрінген құз-жартасқа қарай бет түзейді.

Айсыз түнде қалмақтардың дабырлаған үндері естіледі. Сол жамбасынан садақ оғы тиген Шой қансырағанына қарамай басын құбыла жаққа бұрып, ата-баба аруағына сыйынып дұға оқиды. Сонда біртебірте жатқан жерлерін қалың тұман басады. Сайдың бір тасалау жырасында жатқан бұларды қалың тұман қоршайды. Жау шолғыншылары қалың тұманда таба алмайтындарын сезді ме кетіп қалады. Таң ата Сеңкібай, тұман арасынан Шой жасағын әзер тауып алады. Шұғыл ем-дом жасап, күн шықпай қия жартас арқылы өз әскерлеріне өтіп кетеді. Қарулас достары Сеңкібай қолы жол іздеп кеткеннен кейін Шойдың аруақтарға сыйынғанын, содан өздерін қалың тұман басқанын, сөйтіп аман қалғандарын баяндайды. Шойдың киелі қасиеті барын бұрын да байқағандықтарын айтады. Шой: «Ажалдан алла сақтап, аруақтар жебеді, мен тек қана жалбарынушы болдым»,-деп жауап береді.

Тағы бірде мынандай оқиға болады: Балқаш көлінің шығысында қалың қамыс арасындағы жарты аралда ұрыстан кейін тынығып жатқан қазақ жасағының бір бөлігіне жау қапылыста шабуыл жасайды. Шой мыңдығы аттарына жете алмай жартылай жаяу соғысып едәуір шығынға ұшырайды.

Серіктес достарынан қапияда айырылған Шой көзінен алты тарам жас ағызы: «Егер арамызда кімдекім опасыздық жасаса, шейіт кеткен сарбаздардың қаны, балаларының көз жасы мойнында болсын, аллаһы әкбар!», – деп сыйынады. Кешікпей түндегі күзетші жасақтың бірі жүгіріп келіп: түндегі күзетші Долықараның аузынан көбігі ағып, қол аяғы бүрісіп өлгелі жатқанын айтады. Түнде күзетте болғанымызда Айнакөлге қарай үш рет жарқырауық оқтармен садақ тартып еді. Оқтары мынау, қорамсадағы қалмақ оғы екен. Қайдан алғанын қайдам?»- дейді. Долықара сүт пісірім уақыт өткенде есін жиып: «Менің затымторғауыт, 12 жасымда әке-шешем, туған-туыстарымнан ажырап, қазақ жасағының қолына түстім. Содан он жылдай бір байдың қозысын, қойын, түйесін бақтым. Міне, екі жыл бойы Шой жасағындамын. Есіме әкешешем түскенде өзімді-өзім билей алмай, кек алғым келіп тұрады. Мына жарқырауық оқтарды өткен жылы барлауда қолға түскен қалмақтардан сұрап алғанмын. Сонда қолға түскен қалмақ батыры Шонадор осы оқшантайын оқтарымен беріп жатып: «Айсыз түнде аспанға атсаң жарқырайды. Сонда ол қалмақтарға берген белгің болады. Кек алуды ұмытпа»,-деп көзін жұмған. Мен сол уәдемді орындап, жау жаққа екі рет хабар бердім. Міне, үшінші ретте сарбаздардың қаны мен Шойдың қарғысы жібермей қолға түстім. Маған енді өмір жоқ»,- дейді де өте бір жылдамдықпен жүрек тұсына өз сапысын қадап өліп кетеді.

Шойекең қырықтан асқаннан кейін жас шағында соғыста алған жарасы біліініп, кейін елді қоныстандыру, біріктіру, ел жасау ісімен шұғылданады. Дінді өте берік ұстайды. Қалың қарашор Шой әулие деп атайды. Соғыс жылдарындағы Шойбек, сардарбек атағы біртe-бірте ұмытыла бастайды. Ел, ендігі жерде Шойекең әулие деп атайды.

Сол кезеңде Сарыарқа бойында қазақтар арасында бірлі-жарым шала молдалар ғана болса керек. Шойекеңнің өзіне тете інісі Қойсары сол шақта ауырып дүниеден өтеді. Оның намазын шығаратын білімді молда табылмай, күншілік жерден бір шала молданы алдырған деседі. Шойекең осыдан кейін Ташкент, Бұқара барып қожа, молда тауып әкелу керек деген ой түседі. Сөйтіп, Бұқараға сапар шегеді. Бұқарада Мән деген қожаға кездесіп, онымен келісіп, еліне алып келеді. Екі Бөріктастың арасынан ойып Мән қожаға жер береді. Алдына мал салады. Сол кездегі Мән қожаның орын тепкен жері қазір Стандарт деп аталады.

Шойекең шамамен 1797 жылдары қайтыс болған. Ұрпақтары Ақтоғай ауданындағы Қызыларай ауылында тұрады, өзі Қызыларай тауының солтүстік сіленміндегі Сары өлең деген өлкеде жерленген. Қасына інісі Қойсары да қатар қойылған.

2013 жылы ұрпақтары құран бағыштап, қорым басын басын Қарағанды қаласынан арнайы тапсырыс беріп жасатқан қоршаумен қоршады.

Ел аузында Шойекең жайлы көрегендікпен айтылған небір аңыз әңгімелер бар. Бабамыздың басынан ешкім атпен шауып өтпейді, дауыс көтеріп сөйлемейді, ертеректе әдейлеп басына түнеп, ақтық байлап, дұға оқып, әруағына бас иіп, сыйынып өткен, басына барған адамдар 60-қадам жерден бастап тізерлеп барып дұға жасаған. Бұл да болса халықтың батыр әруағын құрметтеп, қастерлегенінің белгісі. Тіпті, ол кісінің басына топалаң тиген қойды түнетсе, таңертенгe дейін сап тиылып шығатындығы да ел арасында әлі күнге дейін айтылып жүр.

Мақаланың атауы Шой әулие бола тұра, небір қиын қыстау заманда аралары ажырамаған, ағалықтың інiліктің бауырлықтың үлкен тәрбиелік үлгісі болған киелі бабамыз би ата Сеңкібай бабамның да мақалада қатар жазылғанын жөн көрдім.

Менің ел аузынан естіп білгенім міне, Біз кешегі халыққа әруақ ортақ, батыр ортақ деп естіп үлкендерден тәлім тәрбиесін алып өскен ұрпақпыз.Осындай бәрімізге ортақ бабаларымыздың ұрпағы, сол бабаларымыз туған жердің перзенттері болу үлкен мақтаныш.

Қазақта жақсы сөз бар «Әруақты жерден ат үркет» деген сол әруақты бабаларымыздың рухы қолдап қорғап жатсын.

**Қайыржан Шәймұраттегі,**
**Қарашор Шой батырдың ұрпағы.**

# Қарағанды облысы Актоғай ауданында шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін (жалға) уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын беру бойынша конкурс өткізу туралы ХАБАРЛАМА

10 шілде 2024 жыл

2024 жылдың 2 қыркүйек сағат 15.00-де, Қарағанды облысы Актоғай ауданы Актоғай ауылы Ә.Бөкейхан көшесі мекенжайы бойынша орналасқан Актоғай ауданы әкімдігінің кіші акт залында шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін (жалға) уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын беру бойынша конкурс өтеді.

Конкурсқа қатысу үшін мынадай құжаттар беріледі:

1) конкурсқа қатысуға арналған өтінім;

2) конкурстық ұсыныс.

Конкурсқа қатысу үшін өтінімді тіркеу және қабылдау 2024 жылдың 9 тамыздан 2024 жылдың 30 тамызының сағат 18.30-ге дейін, Қарағанды облысы Актоғай ауданы Актоғай ауылы Ә.Бөкейхан көшесі 10Г (2 қабат, «Актоғай ауданының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ) мекенжайында орналасқан ММ-де жүзеге асырылады.

Конкурсқа қатысуға өтінім, өтінімдерді беру мерзімі аяқталғанша, қағаз тасығышта қолма-қол не почта арқылы немесе "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы беріледі. Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімде:

